

Жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы

Түркістан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 320 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 13 желтоқсанда № 5299 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 23 қаңтар 2001 жылғы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 510-баптың 1-тармағына сәйкес, Кентау қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Кентау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 28 қарашадағы № 57 шешімімен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3939 тіркелген) Кентау қаласының жерлерді аймақтарға бөлу схемасы негізінде, Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 505 және 506-баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелерін 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 аймақтарда 50 (елу) пайызға арттырылсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Түркістан облысы Кентау қалалық мәслихатының 29.11.2021 № 93 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. "Кентау қалалық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Кентау қалалық мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілсін.

Кентау қалалық

мәслихат сессиясының төрағасы

Кентау қалалық

мәслихат хатшысы

М.Күнпейсов

Т. Балабиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК